«БТА Банкі» Акционерлік қоғамы
акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының
№ 73 ХАТТАМАСЫ

Атқарушы органның толық атауы мен орналасқан жері:	«БТА Банкі» акционерлік қоғамының Басқармасы, Алматы қаласы, «Самал-2» ықшамауданы, Жолдасбеков көшесі, 97
Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») өткізілген күні, уақыты және орны:	2014 жылғы 26 желтоқсан, 11 сағат 00 мин., Алматы қаласы, әл Фараби даңғылы, 34.
Жиналыс өткізілген орын:	Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 34.
Өткізілген күні:	2014 жылғы «26» желтоқсан
Акционерлерді тіркеу уақыты:	10.30 -11.00
Жиналыс жүргізілген уақыт:	11.01-12.00

Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысына төмендегілер қатысты:

Аты-жөні	**Жай акцияларды ұстаушы акционерлер/акционерлердің өкілдері**	**Жай акциялардың саны**
Алтухова Л.Д.	«Қазкоммерцбанк» АҚ өкілі	304 187 302 585 дана (меншігінде) 27 351 461 050 дана (дауыс беру құқығымен сенімгерлік басқаруда)
Ходжаев Р.Н.	Ракишев К.Х. мырзаның өкілі	304 187 299 871 дана (меншігінде)
Уракова А.А.	Олардың базалық активі Банктің жай акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды **2** ұстаушының дауыс беруі жөніндегі нұсқаулықты орындайтын The Bank of New York өкілі	381 500 дана (меншігінде)
Сагиндыков К.	Акционер - жеке тұлға	2 000 000 дана (меншігінде)
Қатысып отырғандар барлығы	**5 акционер**	**635 728 444 916 дана акция**

<u>«БТА Банкі» АҚ атынан</u>:

1. Заң департаменті Директорының орынбасары — Дугашев С.,
2. Корпоративтік хатшы — Питулова О.,
3. Қазынашылық операцияларды қолдау басқармасы бастығы — Айтбаев А.,
4. Ұйымдастырушылық-шаруашылық және өзге қызметті — Иткина А.,

құқықтық жүргізу бөлімінің бастығы

Арзыкулова А.

5. Халықаралық қызметті құқықтық жүргізу басқармасының заңгері

«Қазкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің атынан:

Грицевич С. - «Орталық Азиялық инвестициялық компания» (ОАИК) АҚ Өкілі; Грицевич С. - Субханбердин Н.С. мырзаның Өкілі; Бучукина Н.- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Өкілі; Попов В. - «Alnair Capital Holding» (Альнаир) АҚ Өкілі; Мерекеева Э. - Олардың базалық активі Банктің жай акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды 11 ұстаушының дауыс беруі жөніндегі нұсқаулықты орындайтын The Bank of New York Өкілі; Амангелді С.- Акционер – жеке тұлға Антон Вадимович Цойдың Өкілі

«Қазкоммерцбанк» АҚ атынан:

1. Басқарушы Директор - Комплаенс–бақылау департаменті Директоры — Шаяхметов А.
2. Банк операцияларын құқықтық қамсыздандыру басқармасы бастығының орынбасары — Грицевич С.
3. Қоғамдық байланыс департаментінің Директоры
4. Қоғамдық байланыс департаментінің Аға маманы — Коковинец Л.
5. Корпоративтік хатшы
6. Корпоративтік хатшының көмекшісі — Бердыбаева М.

Сабурова М.
Мерекеева Э.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің атынан: өкілі Баяхметова Л.

«БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын «БТА Банкі» АҚ Заң департаменті Директорының Орынбасары Дугашев Сахильжан Маликович ашып, «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылғы 26 қарашадағы № 47) күн тәртібінде белгіленген мәселелерді қарастыру және шешу үшін «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылғанын жеткізді, содан кейін жиналысты өткізудің құқықтылығы туралы баяндама жасау үшін санақ комиссиясының мүшесі А.Т. Айтбаевқа сөз берді.

Айтбаев А.Т. «БТА Банкі» АҚ акционерлері «БТА Банкі» АҚ корпоративтік WEB-сайтында 2014 жылғы 26 қарашадағы, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында 2014 жылғы 26 қарашадағы, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында 2014 жылғы 26 қарашадағы хабарламамен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыс туралы хабарландырылғанын жеткізді. 2014 жылғы «26» қарашадағы (жиналысқа қатысу құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн) жағдай бойынша, «Бағалы қағаздарды

бірыңғай тіркеуші» АҚ ұсынған ақпаратқа сай Банктің дауыс беруші жай акцияларының жалпы саны (Банк өтеуін төлеп алған жай акциялар мен номиналды иеліктегі және «Орталық депозитарий» АҚ есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ меншік иесіне тиесілі жай акцияларды шегергенде, орналастырылған жай акциялардың жалпы саны ретінде есептеп шығарылған) 636 910 341 104 дана. Акционерлердің тізімі жасалған күнге «БТА Банкі» АҚ 641 496 019 873 дана орналастырылған жай акцияға ие.

Санақ комиссиясы ұсынған деректер бойынша, «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелу аяқталатын сәтке жиынтығында «БТА Банкі» АҚ 635 728 444 916 дауыс беруші жай акциясын иеленетін 5 акционер мен олардың өкілдері тіркелген, бұл «БТА Банкі» АҚ дауыс беруші жай акцияларының, соның ішінде ғаламдық депозитарлық қолхаттарға түсетін 381 500 дана акцияның жалпы санының 99,81 пайызын құрайды.

Қатысып отырған барлық акционерлер тіркелген және акционерлердің өкілдерінің өкілеттіктері тиісті түрде тексерілген. Жиналысқа қатысып отырған барлық акционерлер мен олардың өкілдеріне күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар мен дауыс беру карталары арнайы табысталған.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының кворумы: жоғарыда баяндалған тіркеу нәтижелерін ескере отырып, санақ комиссиясының мүшесі Айтбаев А.Т. «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу және күн тәртібінің мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін қажетті кворумның орын алғанын жеткізді.

Дугашев С.М. жиналысқа қатысушыларды құттықтап, «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын ашуды және жиналысты өткізу үшін жұмыс органдарын сайлауды ұсынды.

Дугашев С.М. жиналыс Төрағасы етіп сайлау үшін өзінің кандидатурасын ұсынды.

Ұсыныс дауыс беруге қойылды.
Дауыс беру «бір акционер» - «бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

Айтбаев А.Т. дауыс беруге 5 акционер қатысқанын хабарлады және дауыс беру нәтижелерін жариялады:

«қолдағандар» - 5 дауыс;
«қарсы болғандар» - жоқ;
«қалыс қалғандар» - жоқ.

Дугашев С.М. дауыс беру нәтижелері бойынша шешімді жариялады: **жиналыс Төрағасы «БТА Банкі» АҚ Заң департаменті Директорының Орынбасары Сахильжан Маликович Дугашев сайлансын.**

Дугашев С.М. жиналыс хатшысына Ольга Владимировна Питулованы – «БТА Банкі» АҚ Корпоративтік хатшысын сайлауды ұсынды.

Ұсыныс дауыс беруге қойылды.
Дауыс беру «бір акционер» - «бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

Айтбаев А.Т. дауыс беруге 5 акционер қатысқаны туралы хабарлады және дауыс беру нәтижелерін жариялады**:**

«қолдағандар» - 5 дауыс;
«қарсы болғандар» - жоқ;
«қалыс қалғандар» - жоқ.

Дугашев С.М. дауыс беру нәтижелері бойынша шешім туралы жариялады**: жиналыс хатшысы болып «БТА Банкі» АҚ Корпоративтік хатшысы Ольга Владимировна Питулова сайлансын.**

Дугашев С.М. жиналыс жүргізудің мынадай регламентін бекітуді ұсынды: сөз сөйлеу уақыты 5 минут, күн тәртібінің мәселесі бойынша талқылау уақыты 5 минутқа дейін белгіленсін. Жиналыс үзіліс жасамай өткізілсін.

Ұсыныс дауыс беруге қойылды.
Дауыс беру «бір акционер» - «бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

Айтбаев А.Т. дауыс беруге 5 акционер қатысқанын хабарлады және дауыс беру нәтижелерін жариялады**:**

«қолдағандар» - 5 дауыс;
«қарсы болғандар» - жоқ;
«қалыс қалғандар» - жоқ.

Дугашев С.М. дауыс беру нәтижелері бойынша шешім туралы жариялады: **жиналыс жүргізудің мынадай регламенті бекітілсін: сөз сөйлеу уақыты 5 минут, күн тәртібінің мәселесі бойынша талқылау уақыты 5 минутқа дейін белгіленсін. Жиналыс үзіліс жасамай өткізілсін.**

Дугашев С.М. «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында шешімдер қабылдау кезінде дауыс берудің ашық нысанын белгілеуді ұсынды.

Ұсыныс дауыс беруге қойылды.
Дауыс беру «бір акционер» - «бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

Айтбаев А.Т. дауыс беруге 5 акционер қатысқанын хабарлады және дауыс беру нәтижелерін жариялады**:**

«қолдағандар» - 5 дауыс;
«қарсы болғандар» - жоқ;
«қалыс қалғандар» - жоқ.

Дугашев С.М. дауыс беру нәтижелері бойынша шешім туралы жариялады: **«БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында шешімдер қабылдау кезінде дауыс берудің ашық нысаны белгіленсін.**

Жиналыс Төрағасы Дугашев С.М. «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін жариялады:

1. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

2. «Қазкоммерцбанк» АҚ мен «БТА Банкі» АҚ бірігуінің нысаналы үлгісі мен шарттарын бекіту;

3. Люксембург қор биржасында олардың базалық активі «БТА Банкі» АҚ шығарған (эмиссиялаған) жай акциялар болып табылатын «БТА Банкі» АҚ GDR ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

4. «БТА Банкі» АҚ жай акцияларын өтеуін төлеп алу шарттары мен тәртібін мақұлдау туралы директорлар кеңесіне ұсыныстаманы мақұлдау.

Жиналыс Төрағасы жиналыс өткізілетін күнге дейін акционерлерден жиналыстың күн тәртібіне қандай да бір ұсыныстар мен толықтырулар келіп түспегенін, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары акционерлер үшін қолжетімді болғанын жеткізді. Тіркеу кезінде барлық акционерлер мен акционерлердің өкілдері материалдарды қағаз бетінде алған. Осыған байланысты, акционерлер мен акционерлердің өкілдеріне сұрақ қоюды немесе күн тәртібіне түсіндірмелерін беруді ұсынды.

Күн тәртібінің мәселелері бойынша сұрақтар мен түсіндірмелер түскен жоқ.

Төраға «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы мәселені дауыс беруге қойды.

Дауыс беруге қойылған мәселе: «Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту».

Дауыс беру «бір акция» - «бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

Айтбаев А.Т. дауыс беруге жиынтығында 635 728 444 916 дауысты иеленетін акционерлер қатысқаны туралы хабарлады және дауыс беру нәтижелерін жариялады:

Дауыс берген:

«қолдағандар» - 635 728 444 916 дауыс (дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші жай акциялардың 100% және дауыс беруші жай акциялардың жалпы санынан 99,81%);

«қарсы болғандар» - жоқ;
«қалыс қалғандар» - жоқ.

Жиналыс Төрағасы дауыс беру нәтижелері бойынша шешімді жариялары:

«БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібінің ұсынылған оқылымы бекітілсін:

1. **Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту.**
2. **«Қазкоммерцбанк» АҚ мен «БТА Банкі» АҚ бірігуінің нысаналы үлгісі мен шарттарын бекіту.**
3. **Люксембург қор биржасында олардың базалық активі «БТА Банкі» АҚ шығарған (эмиссиялаған) жай акциялар болып табылатын «БТА Банкі» АҚ GDR ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;**
4. **«БТА Банкі» АҚ жай акцияларын өтеуін төлеп алу шарттары мен тәртібін мақұлдау туралы директорлар кеңесіне ұсыныстаманы мақұлдау.**

Одан кейін жиналысқа қатысушылар «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша баяндамаларды тыңдауға кірісті.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша жиналыс Төрағасы С.М.Дугашев А. Шаяхметов мырзаға сөз беріп, ол Банк акционерлерінің өкілдеріне осы Хаттамаға № 1 Қосымшаға сәйкес «Қазкоммерцбанк» АҚ (ҚКБ) мен «БТА Банкі» АҚ (БТА) бірігуінің нысаналы үлгісі мен шарттарын бекітуге ұсынды.

Баяндалғанды ескере отырып, «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысына:

Осы Хаттамаға № 1 Қосымшаға сәйкес «Қазкоммерцбанк» АҚ мен «БТА Банкі» АҚ бірігуінің нысаналы үлгісі мен шарттарын бекіту ұсынылады.

Жиналыс Төрағасы акционерлер мен акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға күн тәртібінің мәселесі бойынша сұрақтар қоюды ұсынды.

Жиналыстың күн тәртібінің мәселесі бойынша сұрақтар мен түсіндірмелер түскен жоқ.

Жиналыс Төрағасы ««Қазкоммерцбанк» АҚ мен «БТА Банкі» АҚ бірігуінің нысаналы үлгісі мен шарттарын бекіту мәселесін дауыс беруге қойды.

Дауыс беруге қойылған мәселе: «2. «Қазкоммерцбанк» АҚ мен «БТА Банкі» АҚ бірігуінің нысаналы үлгісі мен шарттарын бекіту.

Дауыс беру «бір акция» - «бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

Айтбаев А.Т. дауыс беруге жиынтығында 635 728 444 916 дауысты иеленетін акционерлер қатысқаны туралы хабарлады және дауыс беру нәтижелерін жариялады:

Дауыс берген:

«қолдағандар» - 635 728 444 916 дауыс (дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші жай акциялардың 100% және дауыс беруші жай акциялардың жалпы санынан 99,81%);

«қарсы болғандар» - 308 500 дауыс (дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші жай акциялардың 0,0000485% және дауыс беруші жай акциялардың жалпы санынан 0,0000484%);

«қалыс қалғандар» - жоқ.

Жиналыс Төрағасы Дугашев С.М. дауыс беру нәтижелері бойынша шешімді жариялады:

1. Бас банктің (ҚКБ) және еншілес банктің (БТА) арасында активтер мен міндеттемелер табыстау нысанында ҚКБ және БТА бірігуінің нысаналы үлгісі төмендегі шарттар орындалған жағдайда бекітілсін:

- ҚР заңнамасына қажетті өзгертулер енгізу;

- БТА сыртқы міндеттемелерін ҚКБ атына аудару немесе өтеу;

- Табыстауға жататын БТА және ҚКБ активтерін тәуелсіз бағалау;

- БТА және ҚКБ директорлар кеңесінің Табыстауды жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдауы (ірі мәміле және оған қатысты мүдделілік бар мәміле);

-ҚР Ұлттық Банкінің келісімін алу;

2. Табыстаудан кейін банк лицензиясын тапсыру жолымен БТА Банкі жүйесінен шығару бойынша ұсынылатын келесідегі жоспарлар және оның ҚКБ құрамынан деконсолидациясы бекітілсін.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі «Люксембург қор биржасында олардың базалық активі «БТА Банкі» АҚ шығарған (эмиссиялаған) жай акциялар болып табылатын «БТА Банкі» АҚ GDR ерікті делистингі туралы шешім қабылдау» бойынша жиналыс Төрағасы

Дугашев С.М. А. Шаяхметов мырзаға сөз беріп, ол директорлар кеңесінің алдында қабылданған шешіміне сәйкес БТА акционерлеріне аталған мәселе бойынша «қолдағандар» дауыс беруге ұсыныстамалар берілгенін жеткізді.

Қосымша, соның ішінде акционерлермен консультациялар өткізілгеннен кейін, жай акциялар мен ҚКБ GDR және БТА GDR делистингі туралы мәселені қарастыруды төмендегі себептерге байланысты кейінге қалдырған орынды деп табылады.

Акционерлердің жиналысына сондай-ақ Бас банктің (ҚКБ) және еншілес банктің (БТА) арасында активтер мен міндеттемелер табыстау нысанында ҚКБ және БТА бірігуінің нысаналы үлгісін бекіту туралы мәселе шығарылды, ол екі банкті интеграциялау үдерісінде негізгі болып табылады. Акционерлердің аталған мәселе бойынша акционерлердің инвестициялық стратегияларына ықпал етуі мүмкін дереу делистинг туралы шешім қабылдау қажеттілігінсіз шешім қабылдай алуы орынды деп табылады.

ҚКБ және БТА интеграциялауды жүргізу туралы шешім қабылданғаннан кейін делистинг туралы мәселені қайтадан қарастыруға болады.

Жиналыс Төрағасы акционерлер мен акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға күн тәртібінің мәселесі бойынша сұрақтар қоюды ұсынды.

Жиналыстың күн тәртібінің мәселесі бойынша сұрақтар мен түсіндірмелер түскен жоқ.

Жиналыс Төрағасы «Люксембург қор биржасында олардың базалық активі «БТА Банкі» АҚ шығарған (эмиссиялаған) жай акциялар болып табылатын «БТА Банкі» АҚ GDR ерікті делистингі туралы шешім қабылдау» мәселесін дауыс беруге қойды.

Дауыс беруге қойылған мәселе: «Люксембург қор биржасында олардың базалық активі «БТА Банкі» АҚ шығарған (эмиссиялаған) жай акциялар болып табылатын «БТА Банкі» АҚ GDR ерікті делистингі туралы шешім қабылдау».

Дауыс беру «бір акция» - «бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

Айтбаев А.Т. дауыс беруге жиынтығында 635 728 444 916 дауысты иеленетін акционерлер қатысқаны туралы хабарлады және дауыс беру нәтижелерін жариялады:

Дауыс берген:

«қолдағандар» - 73 000 дауыс (дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші жай акциялардың 0,00001148% және дауыс беруші жай акциялардың жалпы санынан 0,00001146%);

«қарсы болғандар» - 635 728 444 916 дауыс (дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші жай акциялардың 100% және дауыс беруші жай акциялардың жалпы санынан 99,81%);

«қалыс қалғандар» - 2 000 0000 дауыс (дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші жай акциялардың 0,000315% және дауыс беруші жай акциялардың жалпы санынан 0,000314%).

Жиналыс Төрағасы Дугашев С.М. дауыс беру нәтижелері бойынша шешімді жариялады:

Люксембург қор биржасында олардың базалық активі «БТА Банкі» АҚ шығарған (эмиссиялаған) жай акциялар болып табылатын «БТА Банкі» АҚ GDR ерікті делистингі туралы шешімнен бас тартылсын.

Күн тәртібінің төртінші мәселесі ««БТА Банкі» АҚ жай акцияларын өтеуін төлеп алу шарттары мен тәртібін мақұлдау туралы директорлар кеңесіне ұсыныстаманы мақұлдау» бойынша жиналыс Төрағасы Дугашев С.М. А. Шаяхметов мырзаға сөз беріп, ол мақұлданған интеграция үлгісіне байланысты акционерлерге төмендегі шешім қабылдау ұсынылатынын жеткізді: Директорлар кеңесіне «БТА Банкі» АҚ жай акцияларын өтеуін төлеп алу шарттары мен тәртібін мақұлдауды ұсыну.

Жиналыс Төрағасы Дугашев С.М. акционерлер мен акционерлердің өкілдеріне күн тәртібінің мәселесі бойынша сұрақтар қоюды ұсынды. Жиналыстың күн тәртібінің мәселесі бойынша сұрақтар мен түсіндірмелер түскен жоқ.

Жиналыс Төрағасы ««БТА Банкі» АҚ жай акцияларын өтеуін төлеп алу шарттары мен тәртібін мақұлдау туралы директорлар кеңесіне ұсыныстаманы мақұлдау» мәселесін дауыс беруге қойды.

Дауыс беруге қойылған мәселе: ««БТА Банкі» АҚ жай акцияларын өтеуін төлеп алу шарттары мен тәртібін мақұлдау туралы директорлар кеңесіне ұсыныстаманы мақұлдау.

Қатысып отырған акционерлер мен акционерлердің өкілдері дауыс беруге кірісті.
Дауыс беру «бір акция» - «бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

Айтбаев А.Т. дауыс беруге жиынтығында 635 728 444 916 дауысты иеленетін акционерлер қатысқаны туралы хабарлады және дауыс беру нәтижелерін жариялады:

Дауыс берген:

«қолдағандар» - 635 728 444 916 дауыс (дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші жай акциялардың 100% және дауыс беруші жай акциялардың жалпы санынан 99,81%);

«қарсы болғандар» - 308 500 дауыс (дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші жай акциялардың 0,0000485% және дауыс беруші жай акциялардың жалпы санынан 0,0000484%);

«қалыс қалғандар» - 2 000 0000 дауыс (дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші жай акциялардың 0,000315% және дауыс беруші жай акциялардың жалпы санынан 0,000314%);

.

Жиналыс Төрағасы Дугашев С.М. дауыс беру нәтижелері бойынша шешімді жариялады:

Директорлар кеңесіне «БТА Банкі» АҚ жай акцияларын өтеуін төлеп алу шарттары мен тәртібін мақұлдау ұсынылсын.

Жиналыс Төрағасы «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі біткені туралы жариялады, жиналысты жабуды ұсынды және аталға ұсынысты дауыс беруге қойды.

Бұл мәселе бойынша дауыс беру «бір акционер» - «бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

Айтбаев А.Т. дауыс беруге 5 акционер қатысқаны туралы хабарлады және дауыс беру нәтижелерін жариялады:

Дауыс беру қорытындылары:
«қолдағандар» - 5 дауыс;
«қарсы болғандар» - жоқ;
«қалыс қалғандар» - жоқ.

Дауыс беру нәтижелері бойынша шешім қабылданды: ««БТА Банкі» АҚ акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысы жабылсын».

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында қабылданған

ШЕШІМДЕР

1. **Бас банктің (ҚКБ) және еншілес банктің (БТА) арасында активтер мен міндеттемелер табыстау нысанында ҚКБ және БТА бірігуінің нысаналы үлгісі төмендегі шарттар орындалған жағдайда бекітілсін:**
   - **ҚР заңнамасына қажетті өзгертулер енгізу;**
   - **БТА сыртқы міндеттемелерін ҚКБ атына аудару немесе өтеу;**
   - **Табыстауға жататын БТА және ҚКБ активтерін тәуелсіз бағалау;**
   - **БТА және ҚКБ директорлар кеңесінің Табыстауды жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдауы (ірі мәміле және оған қатысты мүдделілік бар мәміле);**
   - **ҚР Ұлттық Банкінің келісімін алу;**

2. **Табыстаудан кейін банк лицензиясын тапсыру жолымен БТА Банкі жүйесінен шығару бойынша ұсынылатын келесідегі жоспарлар және оның ҚКБ құрамынан деконсолидациясы бекітілсін.**

3. **Люксембург қор биржасында олардың базалық активі «БТА Банкі» АҚ шығарған (эмиссиялаған) жай акциялар болып табылатын «БТА Банкі» АҚ GDR ерікті делистингі туралы шешімнен бас тартылсын.**

4. **Директорлар кеңесіне «БТА Банкі» АҚ жай акцияларын өтеуін төлеп алу шарттары мен тәртібін мақұлдау ұсынылсын.**

Жиналыс Төрағасы _____ **Дугашев С.М.**

Жиналыс хатшысы _____ **Питулова О.В.**

«Қазкоммерцбанк» АҚ - акциялардың 10% астамын иеленетін акционердің өкілі _____ **Алтухова Л.Д.**

Ракишев Кеңес Хамитұлы - акциялардың 10% астамын иеленетін акционердің өкілі _____ **Ходжаев Р.Н.**

Санақ комиссиясы: _____ **Айтбаев А.Т.**

_____ **Арзыкулова А.М.**

_____ **Иткина А.И.**